

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 392 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.14 N 1529 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.14 N 1529 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

8

с ә у і р д е г і

N

3 9 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптары

1. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын , сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді (бұдан әрі - мемлекеттік нышандар) дайындау жөнінде лицензия алуға үміткер заңды және жеке тұлғаларға қ о л д а н ы л а д ы .

2. Мемлекеттік нышандарды дайындау жөніндегі қызметті лицензиялау

кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналарды:

1) стандарттау жөнінде нормативтік құжаттар, сондай-ақ белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген мемлекеттік нышандарды дайындау процесін регламенттейтін техникалық құжаттар (техникалық тапсырма, техникалық шарттар, конструкторлық-технологиялық құжаттама);

2) жеке меншік құқығындағы немесе жалға алынған өндірістік-техникалық база (өндірістік үй-жайлар, технологиялық жабдықтар, өлшеу және бақылау құралдары, соның ішінде қолданыстағы стандарттау жөнінде нормативтік құжаттар талаптарына сай дайындалған мемлекеттік нышандардың сапасын және оларды дайындаудың технологиялық процесінің сақталуын қамтамасыз ететін т ү с т е р а т л а с ы) ;

3) пайдаланылатын өлшеу құралдарын және сынау жабдықтарын салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттар;

4) мемлекеттік нышандарды дайындаудың технологиялық процесіне қарай, өндіруші әзірлеген нұсқаулықтарда белгіленген, лицензияланатын қызмет саласында тиісті біліктілігі және білім деңгейі бар персоналдың болуын қамтиды.